

## **Каспий теңізінің жағалаулық аймағындағы елді мекендер мен шаруашылық объектілерін су басудан және су астында қалудан қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 7 қыркүйек 1994 ж. N 1005

Каспий теңізінің жағалаулық аймағындағы елді мекендер мен шаруашылық объектілерін су басудан және су астында қалудан сенімді және ұзақ мерзімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитет тапсырған "Қазақстан Республикасының шегінде Каспий теңізінің жағалаулық аймағындағы халық шаруашылығы объектілері мен елді мекендердің тұрақты тіршілік қызметі мен қорғалуын қамтамасыз ету" туралы техникалық-экономикалық баяндамасы (ТЭБ) мақұлдансын.

Аталған ТЭБ Каспий теңізінің жағалаулық аймағындағы елді мекендер мен шаруашылық объектілерін су тасқыны мен су астында қалудан қорғауға байланысты Қазақстан Республикасында жүргізілетін барлық шараларды әзірлеу мен іс жүзіне асыруға арналған ғылыми-техникалық негіздің алғы жобасы ретінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі: Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетпен, Атырау және Маңғыстау облыстарының әкімдерімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бір ай ішінде ТЭБ-тегі тізбеге сәйкес 1995 жылы және одан кейінгі жылдары салынатын бірінші кезектегі объектілердің қаржыландырылуын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс енгізетін болсын.

Атырау және Маңғыстау облыстарының әкімдерімен, Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитетпен, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және ұйымдармен бірлесіп екі ай ішінде Каспий теңізі деңгейінің кетерілуіне байланысты әлеуметтік, экономикалық және экологиялық проблемаларды шешу бойынша 1995-2000 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасы жөнінде ұсыныс әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитеттің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарманың, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің, басқа да мүдделі министрліктердің, ведомстволар мен ұйымдардың ұсыныстары негізінде 1995-2000 жылдары Каспий теңізінің проблемалары жөнінде ғылыми-техникалық жұмыстарды қамтамасыз ететін болсын.

4. Атырау облысының әкімі Каспий теңізінің жағалаулық аймағындағы ауыл шаруашылығы жерлерінің едәуір ысырап болуына байланысты және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары әкімдерінің келісімі бойынша осы шығындардың орнын ішінара толтыру мақсатында бір ай ішінде Атырау облысы үшін Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының аумағаның уақытша ауыл шаруашылығы жерлерін бөлу туралы ұсыныс енгізетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Атырау және Маңғыстау облыстарының әкімдерімен бірлесіп, 1995 жылдың 1 қаңтарына дейін жұмыс істеп тұрған және тоқтатылған мұнай скважиналарының сағаларын тұйықтау жөніндегі 1995-2000 жылдарға арналған жұмыс бағдарламасын әзірлеп, оны іс жүзіне асыруға кірісетін болсын. 1995 жылдан бастап мұнай скважиналарының құрылысын салу, сынау мен пайдалану бұрғылау ерітінділерін, қожылар мен мұнай өнімдерін ағызуға және сақтауға пайдаланылатын жер қамбаларсыз жүзеге асырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі